

Көшелерге атау беру туралы

Бейнеу ауданының әкімдігінің және Бейнеу селосының әкімінің 2015 жылғы 06 мамырдағы № 448 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 маусым № 2733 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 11.11.2021 № 812 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бейнеу ауылы халқының пікірін ескере отырып, 2015 жылғы 27 қаңтардағы Маңғыстау облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 11.11.2021 № 812 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Бейнеу ауылының Атамекен шағын ауданының атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Шұңкілдек көшесінің оңтүстігінде орналасқан:

- бірінші көше - Лабақ батыр атындағы көше;
- екінші көше - Бопай ханым атындағы көше;
- үшінші көше - Әбілхайыр хан атындағы көше;
- төртінші көше - Абылай хан атындағы көше;
- бесінші көше - Хасан хазірет атындағы көше;
- алтыншы көше - Сарыарқа көшесі;
- жетінші көше - Каспий көшесі;
- сегізінші көше - Нарынқол көшесі;
- тоғызыншы көше- Жетісу көшесі;
- оныншы көше- Ұлытау көшесі;
- он бірінші көше- Мұғалжар көшесі;
- он екінші көше- Алатау көшесі;
- он үшінші көше- Жайық көшесі;
- он төртінші көше- Балқаш көшесі;

2) Матай көшесінің солтүстігінде орналасқан бірінші көше-Ақшағыл көшесі;

- 3) Қайдақ көшесінің батысында орналасқан бірінші көше-Серкебай көшесі;
- 4) Тұрсын көшесінің оңтүстігінде орналасқан бірінші көше-Шиланды көшесі;
- 5) Сүйінқара батыр көшесінің оңтүстік-батысында орналасқан:
бірінші көше-Рақ батыр атындағы көше;
екінші көше- Аманжол шебер атындағы көше;
үшінші көше- Бердібай Сарбалаев атындағы көше.

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 06.03.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Бейнеу селосы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (одан әрі-аппарат) осы шешімнің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, аппараттың интернет -ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау Бейнеу селосы әкімінің орынбасары С.Қалдығараевқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Село әкімі:

Ж.Оспанов